

## Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде сақтандыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 тамыздағы N 900 Қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылғы 27 сәуірде Душанбе қаласында жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде сақтандыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

## Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде сақтандыру саласындағы ынтымақтастық туралы

### Келісім

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі, бұдан әрі Тараптар деп аталады,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартты және Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың басқа да актілерін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

сақтандыру қызметі рыногының дамуында, шығындарды өтеу және қаржы ресурстарын шоғырландыру механизмін құруда сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық ролінің артуында өзара қызығушылыққа сүйене отырып,

жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғау қ а ж е т т і л і г і н т а н и о т ы р ы п ,

сақтандыру туралы заңдарды үндестіру саласында Тараптардың ынтымақтастығын дамытуға ү л к е н м ә н б е р е о т ы р ы п ,

мына төмендегілер жайында келісті:

### 1-бап

Осы Келісімде қолданылатын түсініктер мыналарды білдіреді:

"сақтандыру" - сақтандырушылар төлейтін сақтандыру жарналарынан (сақтандыру

сыйлықақыларынан) қалыптасатын ақша қорлары (сақтандыру резервтері) есебінен белгілі бір оқиғалар (сақтандыру жағдайлары) басталған кезде жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау бойынша қатынастар;

"сақтандыруды қадағалау және сақтандыру қызметін реттеу органдары" - өз мемлекеттерінің заңдарына сәйкес сақтандыру қызметін реттеуді және оған мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын Тараптардың министрліктері мен ведомстволары ;

"сақтандыру ұйымдары" - сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензияны алған, сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған, сондай-ақ Тараптардың заңдары қоятын өзге де талаптарға жауап беретін Тараптардың заң тұлғалары;

"ортақ сақтандыру" - әрбір сақтандырушының құқықтары мен міндеттерін айқындайтын, бір сақтандыру шарты шеңберінде екі және одан астам сақтандырушылар арасындағы тәуекелді бөлу бойынша қатынастар;

"қайта сақтандыру" - қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандырушылар арасындағы тәуекелді қайта бөлу бойынша қатынастар.

## **2-бап**

Тараптар, сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелерінде толық тәуелсіздікке ие бола отырып, мыналар бойынша бірлескен шараларды қолданады :

сақтанушылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделерін ескере отырып сақтандыру ұйымдарының қызметін реттейтін және қамтамасыз ететін Тараптардың нормативтік-құқықтық базасын үндестіру;

Тараптардың сақтандыру ұйымдары арасында іскерлік байланыстарды және өзара іс-қимылдарды орнату мен дамыту;

сақтандырушылардың мемлекетаралық және ұлттық бірлестіктерін құруда сақтандыру ұйымдарына көмек көрсету;

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде ортақ сақтандыруды және қайта сақтандыруды жүргізу механизмдерін бірлесіп жасау және тиімді қызметті қамтамасыз ету ;

сақтандыруды қадағалау және сақтандыру қызметін реттеу органдары арасында өзара әрекеттесу нысандары мен әдістерін әзірлеу;

сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын қызметті лицензиялау тәртібін жетілдіру;

сақтандыруды қадағалау және сақтандыру қызметін реттеу органдары үшін бірыңғай ақпараттық-статистикалық базаны құру саласында ынтымақтастық, осы органдардың, сақтандыру ұйымдарының және сақтандырушылар бірлестіктерінің қызметінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді құру және қызмет ету саласында тәжірибемен алмасу ;

оқыту, қайта даярлау саласындағы ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу, сақтандыруды қадағалау органдары кадрларының біліктілігін көтеру мен Тараптардың оқу орындары, ғылыми-зерттеу және оқу орталықтары базасында ЕурАзЭҚ-на мүше мемлекеттердің сақтандыру қызметін реттеу, сондай-ақ сақтандыру қызметінің өзекті мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулерді, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарларды өткізу.

### **3-бап**

Тараптардың сақтандыруды қадағалау және сақтандыру қызметін реттеу органдары осы Келісімді іске асыру мақсатында өз құзыретінің шегінде қосымша шарттар жасай алады.

### **4-бап**

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі өзара іс-әрекетті үйлестіру үшін Тараптар Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетінің жанынан Сақтандыруды қадағалау және сақтандыру қызметін реттеу органдары басшыларының кеңесін (бұдан әрі - Кеңес) құрады.

Кеңестің міндеттері, функциялары, құрамы мен мәртебесі Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитеті бекіткен Ережемен анықталады.

### **5-бап**

Осы Келісімнің ережесі басқа халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар қабылдаған құқықтар мен міндеттемелерге қатысты емес.

### **6-бап**

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделген өзгерістер және толықтырулар енгізілуі мүмкін.

### **7-бап**

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер Тараптардың арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

### **8-бап**

Осы Келісім оған қол қойған күннен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажет Тараптар қол қойған ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалуы туралы соңғы хабарламаны Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитеті болып табылатын депозитарийге сақтауға берген күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың біреуі кезекті бес жылдық кезең өткенге дейін кемінде 6 айдың ішінде оның қолданылуын тоқтату жөніндегі өзінің ойы туралы жазбаша хабарламаны депозитарийге жібермесе, ол келесі бес жылдық мерзімге ұзартылады.

2003 жылғы 27 сәуірде, орыс тіліндегі бір түпнұсқа данамен Душанбе қаласында ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетінде сақталады.

*Беларусь Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Ұлттық Банкі үшін*

*Қырғыз Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының*

*Ресей Федерациясының*

*Тәжікстан Республикасының*